

Издается с 20 декабря 1999 года

Саран газеті

ЕЖЕНЕДЕЛЬНАЯ ГОРОДСКАЯ ГАЗЕТА

19 июня
2024 года
СРЕДА
№ 49 (1649)

ТЕМА НОМЕРА:

МЕДИЦИНА
МАМАНДАРЫ
МАРАПАТ ТӨРІНДЕ

СТР4

Читайте нас на сайте sarangazeti.kz, а также в  [saran_today](https://www.instagram.com/saran_today), [saran_gazeti](https://www.instagram.com/saran_gazeti)  [sarangazeti](https://www.facebook.com/sarangazeti)

Глава государства принял председателя Агентства по противодействию коррупции Асхата Жумагали



Президенту было доложено о принимаемых мерах по противодействию коррупции.

Как сообщил Асхат Жумагали, с начала года зарегистрировано 947 коррупционных преступлений, изобличено 660 лиц, из которых 104 – руководители различного уровня. В рамках завершённых уголовных дел возмещено 193,5 млрд тенге. В целом с 2022 года обеспечен возврат имущественных активов и денежных средств государству и субъектам квазигоссектора на сумму 1,03 трлн тенге.

В текущем году подготовлено 113 отчетов по итогам анализа и мониторинга в сферах образования, науки, спорта, закупок лекарственных средств, строительства и распределения земель. Госорганам вынесено более 1 тыс. рекомендаций и предложений, направленных на устранение коррупционных рисков.

В рамках предупредительных мер, в том числе путем мониторинга портала «Единое окно закупок», предотвращено нерациональное использование бюджетных средств на сумму более 31 млрд тенге. При

реализации проекта «Бизнеске жол» защищены права порядка 7,5 тыс. предпринимателей, разрешены 67 проблемных кейсов.

Касым-Жомарт Токаев также был проинформирован о ходе исполнения поручения по устранению коррупционных проявлений в дорожной отрасли. Председатель Агентства сообщил, что пилотный проект по «окрашиванию денег» планируется реализовать в социально значимых сферах, в том числе и строительстве дорог.

Кроме того, Главе государства было доложено о том, что с начала текущего года подписано 4 меморандума о сотрудничестве с антикоррупционными ведомствами Катара, Гонконга, Азербайджана и Российской Федерации. Документы направлены на укрепление партнерства в вопросах оказания правовой помощи, возврата активов, розыска лиц, мониторинга целевого использования бюджетных средств и закупок.

По итогам встречи Глава государства дал ряд поручений.

akorda.kz

Переоформить автомобиль в Казахстане стало проще



В Казахстане упрощена услуга перерегистрации транспортных средств: теперь продавец и покупатель смогут подписать договор купли-продажи авто с помощью QR-кода.

Оформить договор купли-продажи автомобиля сейчас можно не только у нотариуса, но и в спецЦОНах. Оператор специализированного центра обслуживания населения может сформировать электронный документ в системе, а продавец и покупатель подписать его с помощью QR-кода, отсканировав его через приложение eGov mobile. Сервис был разработан

для удобства услугополучателей, а также для исключения коррупционных рисков при регистрации транспортных средств. Благодаря интеграции информационных систем госкорпорации, МВД РК и АО «НИТ» процесс переоформления авто стал прозрачным. Подделка подписей при регистрации сделки исключена.

Аналогичная услуга доступна и представителям юридических лиц, имеющим доверенность на защиту интересов и право использования ЭЦП организации через приложение eGov business.

gov.kz

РЕФОРМЫ В ДЕЙСТВИИ

ДОСТИЧЬ ВСЕХ ПОКАЗАТЕЛЕЙ В РАБОТЕ

Надежда ЦХАЙ

Тринадцатого июня состоялась очередная сессия Саранского городского маслихата под председательством О. Баймаганбетова.

В работе сессии приняли участие аким города Е. Баулыков, прокурор города Ж. Накишев, депутат Карагандинского областного маслихата В. Шнель, заместители акима Сарани и Актаса, руководитель аппарата акима Сарани А. Утешев, представители Отдела полиции, руководители государственных учреждений.

В ходе заседания был рассмотрен ряд вопросов, касающихся жизнедеятельности Сарани и Актаса. В частности, прозвучала подробная информация об исполнении бюджета Сарани и Актаса за прошлый год, итогах прошедшего отопительного сезона, а также планируемых работах на новый сезон, реализации проектов в обрабатывающей промышленности и многое другое.

Конечно, акцент был сделан на коммунальной сфере и экономике города. Несмотря на то, что на Цен-

тральном теплоисточнике завершаются строительные работы, тем не менее, подготовка локальных котельных все же начинается. Кроме этого, в этом году начнутся работы по переносу котельной 18 квартала (п. Актас) – данный проект рассчитан на 2 года и завершится в следующем году.

Стоит подчеркнуть, что в ходе сессии была отмечена положительная динамика развития Сарани и Актаса, но все же по объективным причинам администраторы бюджетных программ не достигли 100% освоения бюджетных средств. Поэтому, выступая перед депутатами, аким Сарани Е. Баулыков подчеркнул необходимость обязательного исполнения сроков при реализации всех проектов, достижения высокого качества работ и выполнение всех обязательств перед населением Сарани и Актаса.



ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ – ҚАЙЫРЛЫ ІС

ІЗГІЛІК ПЕН ИГІЛІК МЕРЕКЕСІ

Дина ӘБДИҒАЛИЕВА

Құллі мұсылман қауымы асыға күтетін, ұлық мереке – Құрбан айт мейрамы Саран қаласында биыл ерекше тойланды.



Таңертең ертемен мешіт үйіне қала тұрғындары жиналып, айт намазы оқылды. Саран қалалық мешітінің бас имамы Нұржігіт Мұсабеков «Құрбан айт ұлық мереке» тақырыбында уағыз-насихат айтып, жамағатты айт мерекесімен құттықтады.

Айт намазына келген тұрғындар мешіт асханасында жайылған айттық дастархан басында көңілді қауышып, мейрамның қадір-қасиетімен бөлісті. Сонымен қатар, қалалық мешіттің ұйымдастыруымен спорттық шаралар өтті. Мешіт ауласына жиналған жастар қазақ күресіне қатысып, 60 келіден жоғары салмақ дәреже-

сінде белдесті. Оның нәтижесі бойынша Дидар Нықаш 1-орынды қанжығасына байласа, 2-орынға Санжар Нықаш және 3-орынға Оңғар Уатхан жайғасты. Одан бөлек арқан тартыс ұлттық ойыны да өткізілді. Жұлдегерлер қаржылай сый-ақымен марапатталды. Сондай-ақ, қазақ күресінде бөрінен оза шапқан балуанға қошқар сыйға тартылды.

Бұл күні шамасы жеткенше барша мұсылман қауымы арнайы Саран қаласындағы мал сою алаңында құрбан шалу рәсімін өткізіп, көмекке мұқтаж отбасыларға қайырымдылық көрсетіп, өздерінің жомарттықтарын танытқан.



РУХАНИ ҚАЗЫНА



КІТАП – БІЛІМ БҰЛАҒЫ

Кітап адам өмірінде аса маңызды рөл атқарады. Кітап елді сүйеге, талапты, кішіпейіл болуға, мейірімділікке, төзімділікке баулиды. Кітап жаман әдеттерден аулақ болуға шақырады. Кітапты біздің қоғамымыздың әрбір адамы күнделікті тұрмысында қолданады.



Одан ақыл – кеңес, тәлім – тәрбие, үлгі – өнеге алады. Кітап – біздің рухани жан азығымыз.

«Кітап – ғалым, тілсіз мұғалім» деп тегін айтылмаған ғой. Кітап – ғылым, білім жемісін халық арасына жаюшы, таратушы. Кітап – ақылдың кені.

Кітапта алма ағашы,
Жемісін біздер теретін.

Тәтті алмаға балашы

Кітабыңның әр бетін,-деп Музафар Әлімбаев ағамыз жырлағандай әдеби кітаптар мен оқулықтар – сендерге білім көзі, рухани қазына. Дана халқымыз «Батыр бірді жығады, білім мыңды жығады» деп бекер айтпаса керек.

Қазіргі таңда орталықтандырылған кітапхана қоры неше алуан түрлі жанрыда жа-



зылған кітаптармен жыл сайын толықтырылып отырады. Әдебиет таңдау барысында кітапхана оқырмандарының сұранысы ескеріледі. Кітапхана қорында көптеген қызықты кітаптар бар. Саран қалалық орталық кітапханасының балалар бөлімі жүзден аса кітаптармен толықты, бұдан бөлек оқу залы мен үлкендер абонементіне де көптеген қызықты кітаптар келіп жетті. Детектив, роман, драма, фантастика, психология, шытырман оқиғалар немесе ертегілер әлеміне сапар шегіп, өзіңізге күні бойыға позитивті энергия алыңыздар. Кітаптар мемлекеттік тілде және орыс тілінде басылып шығарылған.

Иә, кітап – қоғамның рухани күштерін дамытудың қуатты құралы, мәдениеттің қайнар бұлағы, оның өзекті саласының бірі. Рухани мөлдірліктің, биік парасаттың, асқақ адамгершіліктің, арқалы ойдың қоймасы. Кітап арқылы біз өткенге көз жібереміз, одан қымбат мұра жинаймыз, тәжірибеге кенелеміз. Құрметті Саран қаласының тұрғындары сіздерді кітап оқуға шақырамын.

А.Мусина,
Саран қаласының
орталықтандырылған
кітапханасының балалар
бөлімінің кітапханашысы

ОБРАЗОВАНИЕ



В ДОБРЫЙ ПУТЬ!

Надежда ЦХАЙ

В конце прошлой недели заместитель акима С. Бейскеев и руководитель Отдела образования А. Бактыбаев встретились с выпускниками общеобразовательных школ нашего города - обладателями знака Алтын белгі и их родителями.



Встреча получилась теплой и искренней, очень позитивной. В ходе нее обсуждались вопросы молодежных инициатив, выбора профессии, поддержки подрастающего поколения и т.д. Ребята делились своими планами на будущее, тем более сейчас у них начинается новый интересный жизненный этап – поступление в высшие учебные заведения, выбор специальности. Для выпускников это важный и ответственный период.

В ходе встречи были вручены памятные подарки ребятам и благодарственные письма родителям от имени акима города и руководителя отдела образования.

И конечно, прозвучало много пожеланий ребятам. А они в свою очередь поблагодарили руководство города, Отдел образования, педагогов, родителей за поддержку.

Удачи вам, выпускники! Достижения всех поставленных целей!



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

«СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ БІЗ ҮШІН ЕМЕС!»



Облысымызда сыбайлас жемқорлықтың алдын алуды насихаттайтын әр-түрлі іс-шаралар ұйымдастырылуда. Соның біріне тоқтала кетсек, «Саран қаласының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы негізінде 2024 жылғы 5 маусым күні «Қарағанды облысының жастар мен балалар ұйымдарының одағы» ЖҚБ сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған Саран қаласының жастары арасында «Сыбайлас жемқорлық біз үшін емес!» атты эссе байқауын ұйымдастырып өткізді. Эссе байқауында қатысушылар сыбайлас жемқорлықты болдырмау мақсатында не істеу керектігін және онымен күресу жолдары туралы өз ойларын еркін білдірді. Он тоғыз қатысушы қатысқан байқауда Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің қазақ әдебиеті кафедрасының оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі Қайырбекова Аида Құрманғазықызы, Саран қаласы №1

мектеп-лицейінің орыс тілі пәнінің мұғалімі Куанова Галина Кабеновна және «Саран қаласының орталық кітапхана жүйесі» КММ директорының міндетін атқарушы Тугельбаева Ботогоз Муратовна қазылық етті. Байқаудың жеңімпаздарын Саран қаласының Мәдениет үйінің жиын залында «Саран қаласының ішкі саясат бөлімі» ММ бас маманы Аскеева Айдана Армияевна марапаттады. Байқаудың қорытындысы бойынша келесі жеңімпаздар анықталды: 1 - орынды Коломничева Елизавета, 2 - орынды Абдухамитова Аруна, 3 - орынды Еркінқызы Талшын иеленді.

Жеңімпаздарға дипломдар мен ақшалай сыйлықтар табысталып, барлық қатысушыларға қатысқаны туралы сертификаттар берілді.

**А.Жантурина,
«Қарағанды облысының жастар және балалар ұйымдарының одағы» ЖҚБ әдіскері**

«ӘЛЕМ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ!» АТТЫ ШЫҒАРМА ЖАЗУ БАЙҚАУЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ



«Саран қаласының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы негізінде 2024 жылғы 30 сәуір күні «Қарағанды облысының жастар мен балалар ұйымдарының одағы» ЖҚБ Саран қаласының мәдениет үйі базасында «Әлем сыбайлас жемқорлықсыз!» атты жалпы білім беру ұйымдарының 7-11 сынып оқушылары арасында шығарма жазу байқауын ұйымдастырып өткізді. Байқауға жалпы 13 оқушы қатысты. Байқаудың қорытындысы бойынша келесі жеңімпаздар анықталды: 1 - орынды №1

мектеп-лицейінің 10-сынып оқушысы Чашина Александра, 2-орынды №1 мектеп-лицейінің 10-сынып оқушысы Югай Милена, 3-орынды №17 мектеп-гимназиясының 11-сынып оқушысы Сагимбаева Томирис алды.

Жеңімпаздарға дипломдар мен ақшалай сыйлық табысталды.

**А.Жантурина,
«Қарағанды облысының жастар және балалар ұйымдарының одағы» ЖҚБ әдіскері**

«БІРГЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫМЫЗ!» АТТЫ ПЛАКАТТАР БАЙҚАУЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ



«Саран қаласының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы негізінде 2024 жылғы 30 сәуір күні «Қарағанды облысының жастар мен балалар ұйымдарының одағы» ЖҚБ Саран қаласының мәдениет үйі базасында «Бірге сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» атты жалпы білім беру ұйымдарының 8-11 сынып оқушылары арасында плакаттар байқауын ұйымдастырып өткізді. Байқауға жалпы 14 оқушы қатыстып, жұмыстарын қорғады. Байқаудың қорытындысы бойынша келесі жеңімпаздар анықталды: 1 - орын - Акчурина Есения, Пестерева Анна, №16

жалпы білім беретін мектебінің 9-сынып оқушылары; 2 - орын - Сарсенбаева Инабат, Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінің 9-сынып оқушысы; 3 - орын - Хамалиева Румейса, Корякко Виктория, №17 мектеп гимназиясының 9-сынып оқушылары. Жеңімпаздарға дипломдар мен ақшалай сыйлық табысталды.

**А.Жантурина,
«Қарағанды облысының жастар және балалар ұйымдарының одағы» ЖҚБ әдіскері**

МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІНЕ ОРАЙ



МЕДИЦИНА МАМАНДАРЫ МАРАПАТ ТӨРІНДЕ

Дина ӘБДІҒАЛИЕВА

Қаламызда жыл сайын ақ халатты абзал жандардың ерен ерлігі, еселі еңбегі ұлықталады. Әдемі дәстүр биыл да өз жалғасын тапты.



14 маусым күні қалалық мәдениет үйінде медицина қызметкерлерінің күніне орай салтанатты шара ұйымдастырылды. Бұл күні денсаулық сақтау саласының мамандарына зор сый-құрмет көрсетілді.

Салтанатты шарада қала әкімінің орынбасары Сағынбек Бейсекеев: «Сіздердің қоғамда алатын орындарыңыз ерекше. Өйткені сіздер адамның жанына дауа, тәніне шипа болардай ем тауып, өміріне араша түсіп жүресіздер. Бұл өмірде адам денсаулығынан қымбат дүние жоқ. Денсаулығымыз сыр бергенде өздеріңіз әрдайым жанымызда сая боласыздар. Сондықтан халықтың сіздерге деген алғысы шексіз», - деп атап өтті.

Биыл Саран қаласы үшін мерейлі жыл. Себебі салтанаты жарасқан қалаға 70 жыл болса, қаланың орталық ауруханасына да - 70 жыл толып отыр. Мерейтойлы сәтке орай ақ халатты абзал жандар марапатқа кенелді.

Саран қаласы әкімінің Құрмет грамотасымен №2 отбасылық денсаулық орталығының меңгерушісі Ольга Черныш, консультативтік-диагностикалық бөлімшенің оториноларинголог-дәрігері Николай Тен, №3 отбасылық денсаулық орталығының жалпы практика дәрігері Анастасия Садригдинова және стоматологиялық бөлімшенің тіс дәрігері Наталья Царева марапатталды. №1 ООК ЖПД медбикесі Людмила Круподеряга, хирургия бөлімшесінің медби-

кесі Татьяна Сергееваға, жалпы терапия бөлімшесінің медбикесі Мадина Гарифоваға, «Саран қаласының арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» КММ физиокабинетінің медбикесі Людмила Кузинаға және «Саран қаласының арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» КММ медбикесі Жолбике Алимбаеваға Саран қаласы әкімінің алғыс хаты табысталды.

Бүгін марапат аламын деп ойламадым. Медицина қызметкерлері күнінде барлықтарыңызға денсаулық тілеймін. Үлкен сабырлық пен жауапкершілік шүгі ауыр біздің жұмыста сәттілік серік болсын, - деп тілегін білдіре кетті марапат иесі Николай Тен.

Келесі болып сөз алған «Саран қаласының орталық ауруханасы» ШЖҚ КМК директоры Иван Ермолаев күн-түн демей адал қызмет еткен ақ халатты абзал жандарға ризашылығын жеткізіп, «Еңбек ардагері» медалімен күндізгі стационардың медбикесі Вера Марисованы, «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен №3 отбасылық денсаулық орталығының акушер-гинекологы Ирина Маметованы, Қарағанды облысының Денсаулық сақтау басқармасының Құрмет грамотасымен жедел медициналық жәрдем бөлімшесінің фельдшері Жанайдар Орамбекті, травматология медбикесі Анна Булычеваны, егу кабинетінің медбикесі Ольга Ирасованы және Қарағанды об-

лысының Денсаулық сақтау басқармасының алғыс хатымен жалпы терапия бөлімінің аға медбикесі Ирина Калмыкова мен консультациялық-диагностикалық бөлімшесінің хирург-дәрігері Джахангир Каримовті марапаттады.

Мен үшін бұл күтпеген жерден тосын-сый болды. 45 жылдық еңбегім еленіп жатқанына өте ризамын, - деп алғысын білдірді күндізгі стационардың медбикесі Вера Марисова.

Сонымен қатар, Саран қалалық мәслихатының төрағасы Өміржан Баймағанбетов пен «AMANAT» партиясы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облысы Саран қалалық филиалының төрағасы Нүргүл Тажибаева медицина қызметкерлерін мерекесімен құттықтап, «AMANAT» партиясының Қарағанды облыстық филиалы төрағасының және мәслихат төрағасының алғыс хатын Саран қаласының орталық ауруханасының директордың кеңесшісі Калима Сатоваға, орталық ауруханасының дерматолог дәрігеріне Шынар Азимбаеваға, орталық аурухананың медбикесі Рауза Байгельдиноваға, дәріхананың провизоры Светлана Рустонбаеваға, ЖПД дәрігері Екатерина Шунковаға, облыстық психикалық денсаулық орталығының дәрігері Салтанат Булатоваға, облыстық психикалық денсаулық орталығының медбикесі Елена Бердникке және арнаулы қызмет көрсету орталығының бас медбикесі Тазагуль Кусаиноваға табыстады.

Шараға қатысқан «Senim» Денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық филиалы төрағасының орынбасары Сұлтан Медеубаев үмітке үміт жалғап, ғұмырдың ұзақтығын сабақта-

стырып жүрген барлық ақ халатты абзал жандарды кәсіби мерекесімен құттықтап, «Саран қаласының орталық ауруханасы» ШЖҚ КМК директоры Иван Ермолаевты «Денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» төсбелгісімен марапаттады. Сондай-ақ, Құрмет грамотасын аурухананың бас медбикесі Ирина Ахметьянова мен консультативтік-диагностикалық бөлімшенің медбикесі Гулим Бейсеноваға табыс етті.

Биыл мерейлі датаға орай орталық аурухананың инстаграм әлеуметтік желісінде медицина саласының қызметкерлері арасында байқау ұйымдастырылған. Дауыс беру нәтижесі бойынша «Үздік стационар дәрігері» Наталья Быкова, «Алғашқы медициналық-санитарлық көмектің үздік дәрігері» Сергей Хильчук, «Үздік тіс дәрігері» Рамиль Оспанов, «Үздік стационар медбикесі» Виктория Магунь, «Алғашқы медициналық-санитарлық көмектің үздік медбикесі» Валентина Борщ, «Үздік фельдшер» Наиля Орамбек атанды.

Адамзаттың бәріне көмек қолын созып, еміне шипа тауып, ұлт саулығы үшін аянбай еңбек етіп жүрген дәрігерлердің орны қашан да ерең. Салтанатты марапаттау сәтінде әр ақ халатты абзал жанға қошемет пен құрмет көрсетілді. Медицина саласына қатысты кітап көрмесі де ұйымдастырылып, келушілерге кітапхананың рухани қазынасы таныстырылды. Қалалық мәдениет үйінің өнерпаздары әннен шашса, «Амадеус» би ансамблі, «Релайз» көше және заманауи би клубы мен «Қыран» хореографиялық ансамблі мың бұрала би билеп шараны одан сайын қыздыра түсті.



АБАТТАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ



ҚАЛА КӨРКІ – САПАЛЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Дина ӘБДІҒАЛИЕВА

Биыл Саранда шұрық-тесік боп қалған жолдар қалпына келтіріледі. Одан бөлек, көпқабатты үйлердің сыртқы қасбетіне жөндеу жұмыстары жүргізіліп әрленбек.



Бүгінде Саран қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінде ауқымды жұмыстар атқарылуда.


Биылғы жақсы жаңалықтардың бірі – қала стадионын қалыпқа келтірілуі. Бұл әлбетте салауатты өмір салтын ұстанатын тұрғындар үшін қуанышты хабар. Бүгінде «Сұңқар» стадионында футбол алаңын, ашық аспан астында үстел теннисін ойнай алатын заманауи алаң мен шахмат паркін жасауға бар күш жұмылдырылған. Қала жұртшылығының ыңғайлылығы үшін демалыс орындарды жайлы етіп істеуде. Өткен демалыста қала әкімі Еркін Баулықов жүргізілген жұмыстармен танысып, стадионның ішін аралап, сын-пікірін білдіре кетті.

Қаланың тыныс-тіршілігінен бөлек, ең алдымен оның ажары, үйлердің

жағдайы, тазалығы көзге түсіп жатады. 70 жылдық тарихы бар Саран қаласының әрбір ғимаратының өзіндік ерекшелігі бар. Биыл қаланың қақ ортасында орналасқан Ленин даңғылының қасбеті де жаңартылу үстінде. Бүгінде ескі үйдің жабынқыштары алынды. Қазіргі таңда Ленин даңғылындағы №7-8 үйлерде жұмыс қарқынды түрде жүргізіліп жатса, кейін мердігер №11-12 үйлерді қамтиды. Сондай-ақ, биыл қалада 8 балалар алаңы мен 10 аялдама павильоны орнатылмақ. Осы таяуда ғана футбол алаңдарына жасанды көгал төселіп жаңартылды. Қоршауларына да аса мән берілді.

РТБ шағын ауданын қалпына келтіру бойынша да жұмыстар жалғасуда. Ондағы демалыс орындарға, көлік тұрақтары мен жолдарына ерекше назар аударылған.

Өзінің өзектілігін жоғалпайтын жол



мәселесі де қала әкімінің басты назарында. Биыл Набережная, Свердлов, Казахская, Гастелло, Солнечная, Юности көшелері мен Первый, Бульварный, Садовая, Труда және Центральный түйық көшелеріндегі көлік жолына орташа жөндеу мен жол бөлігін асфальттау жүргізу жоспарлануда. Әрі оларға жарықтандыру тіректері орнатылмақ. Жамбыл, Огородная,

Стадионная көшелерінің жолы да орташа жөндеуден өтпек. Бүгінде Свердлов көшесінде жол жұмыстары толық аяқталды. Келесі кезекте түйық көшелер тұр.

Көгалдандыру жұмыстары да шетте қалып қоймады. Саябақтарға, жаяу жүргіншілер жүретін жол мен қоқыс-қалдықтарын шығаруға аса көңіл бөлінуде.

2024 жылы жеке секторды асфальттау



Келесі көшелерді асфальттау және жарықтандыру:

1. Гастелло
2. Солнечная
3. Юность
4. Огородная
5. Стадионная
6. Студенческая (Чкалов көшесінен Юность көшесіне дейін)
7. Свердлов (жұмыста)
8. Набережная (Аяқталды)

Келесі түйық көшелерді жөндеу және абаттандыру:

1. Первый
2. Бульварный
3. Садовый
4. Труд
5. Центральный
6. Северный (Аяқталды)

Қиыршық тас төсеу, содан кейін 2025 жылы асфальттау:

1. Матросов
2. Угольщик
3. Дружба
4. Веселая
5. Шмидт
6. Некрасов
7. Студенческая (Юность көшесінен Крайная көшесіне дейін)



Асфальтирование частного сектора в 2024 году



Асфальтирование и освещение улиц:

1. Гастелло
2. Солнечная
3. Юности
4. Огородная
5. Стадионная
6. Студенческая (от ул. Чкалова до ул. Юности)
7. Свердлов (В работе)
8. Набережная (Завершена)

Ремонт и благоустройство переулков:

1. Первый
2. Бульварный
3. Садовый
4. Труд
5. Центральный
6. Северный (Завершен)

Укладка щебёночного покрытия, с последующем асфальтированием в 2025 году:

1. Матросова
2. Угольщиков
3. Дружбы
4. Веселая
5. Шмидта
6. Некрасова
7. Студенческая (от ул. Юности до ул. Крайняя)



ОЧС Г. САРАНИ ИНФОРМИРУЕТ

БЕРЕГИТЕ ЖИЗНЬ РЕБЕНКА!



С наступлением жарких теплых дней мы все чаще открываем окна в квартирах. А ведь в семьях где есть маленькие дети, еще и оставленные без присмотра – открытое окно, это – большая опасность.

Падение из окна – является одной из основных причин детского травматизма и смертности, особенно в городах. Дети очень уязвимы перед раскрытым окном из-за естественной любознательности.

Чтобы избежать несчастного случая, связанного с падением ребенка из окна, необходимо придерживаться следующих правил:

- Открывая окна в квартире и проветривая помещение, убедитесь, что

ребенок при этом находится под присмотром.

- Во время проветривания открывайте фрамуги и форточки. Если Вы все же открываете окно, то не открывайте его больше чем на 10 см, для этой цели поставьте ограничитель.

- Не разрешайте ребенку выходить на балкон без сопровождения взрослых.

- Никогда не оставляйте спящего ребенка одного в квартире. Малыш может проснуться и полезть к открытому окну.

- Отодвиньте всю мебель, включая кровати, от окон.

- Не учите ребенка подставлять под ноги стул или иное приспособление,

чтобы выглянуть в окно или посмотреть на улицу с балкона. Впоследствии, действуя подобным образом, он может выпасть из окна (с балкона).

- Большую опасность представляют москитные сетки: ребенок видит некое препятствие впереди, уверенно опирается на него, и в результате может выпасть вместе с сеткой, которая не рассчитана на вес даже самого крохотного годовалого малыша.

- Если ребенок 5-7 лет боится оставаться в квартире один, не оставляйте его даже на короткое время. Зачастую, чувствуя страх, дети выглядывают в окно или с балкона, надеясь увидеть родителей, что может повлечь их падение с балкона.

И конечно же, не забывайте о профилактике детской шалости с огнем! Ведь одна спичка, может стать ценой одной жизни.

- Рассказывайте детям о пожаре безопасном поведении.

- Не оставляйте спички и зажигалки в доступном для детей месте;

- Не поручайте детям разжигать печи, газовые приборы, самостоятельно включать электробытовые приборы;

- Не оставляйте детей без присмотра, организуйте ребенку интересный досуг.

Ведь только большой заботой о наших детях мы сможем сохранить самое дорогое – жизнь ребенка!

ОЧС г. Сарани

ПОЖАРНАЯ ОПАСНОСТЬ!



Как показывает практика, именно загорания сухой растительности, мусора в весенний период являются причинами пожаров в населенных пунктах и лесных пожаров.

На территории г.Сарани с начала апреля произошло 12 загораний травы и мусора!

Уважаемые граждане во избежание пожара:

- Не сжигайте траву, мусор на дачных и приусадебных участках, огородах, вблизи лесопосадок;

- Не оставляйте легко воспламеняющиеся жидкости открытыми, легко доступными детям;

- Не бросайте не потушенные сигареты, спички;

- Не разводите костры вблизи зданий и сооружений, а также в лесопарковых зонах;

- Не оставляйте брошенные бутылки, битые стекла, которые превращаясь на солнце в линзу, концентрируют солнечные лучи в результате чего возникает возгорание находящийся под ней травы;

- Не пользуйтесь мангалами и другими приспособлениями приготовления пищи в местах сухой растительности, под кронами деревьев.

- Не оставляйте на земле промасленные или пропитанные бензином, керосином и иными горючими веществами обтирочный материал;

Строго пресекайте шалости детей!

Напоминаем что за нарушение противопожарное безопасность в соответствии со Ст.410 Нарушение или невыполнение требований пожарной безопасности. п.1 Нарушение или невыполнение в организациях, общественных местах, складских помещениях, сельскохозяйственных угодьях, в общежитиях и жилых домах противопожарных требований, предусмотренных правилами пожарной безопасности, техническими регламентами, строительными нормами и правилами, национальными стандартами, - влечет предупреждение или штраф на физических лиц в размере пяти, на должностных лиц,

п.2 Действие (бездействие), предусмотренное частью первой настоящей статьи, совершенное повторно в течение года после наложения административного взыскания, - влечет штраф на физических лиц в размере десяти месячных расчетных показателей.

Дополнительно информируем, что за нарушение статьей 336 Кодексом Республики Казахстан «Об административных правонарушениях» предусмотрена административная ответственность в виде штрафа:

- на физических лиц - в размере 20 месячных расчетных показателей (73840 тенге);

- на должностных лиц - в размере 50 месячных расчетных показателей (184000 тенге);

- на субъектов малого предпринимательства или некоммерческие организации - в размере 200 месячных расчетных показателей (738400 тенге);

- на субъектов среднего предпринимательства или некоммерческие организации - в размере 300 месячных расчетных показателей (1107600 тенге);

- на субъектов крупного предпринимательства или некоммерческие организации - в размере 500 месячных расчетных показателей (1846000 тенге).

ОЧС г. Сарани

КУПАНИЕ НА ВОДОЕМЕ



Уважаемые родители! Безопасность жизни детей на водоёмах во многих случаях зависит ТОЛЬКО ОТ ВАС!

В связи с наступлением жаркой погоды, в целях недопущения гибели детей на водоёмах в летний период обращаемся к вам с убедительной просьбой: провести разъяснительную работу о правилах поведения на природных и искусственных водоёмах и о последствиях их нарушения. Этим вы предупредите несчастные случаи с вашими детьми на воде, от этого зависит жизнь Ваших детей сегодня и завтра.

Категорически запрещено купание: детей без надзора взрослых; в незнакомых местах;

на надувных матрацах, камерах и других плавательных средствах (без надзора взрослых).

Необходимо соблюдать следующие правила:

Прежде чем войти в воду, сделайте разминку, выполнив несколько легких упражнений.

Постепенно входите в воду, убедившись в том, что температура воды комфортна для тела (не ниже установленной нормы).

Не нырять при недостаточной глубине водоёма, при необследованном дне (особенно головой вниз!), при нахождении вблизи других пловцов.

Продолжительность купания – не более 30 минут, при невысокой температуре воды – не более 5–6 минут.

При купании в естественном водоёме не заплывать за установленные знаки ограждения, не подплывать близко к моторным лодкам и прочим плавательным средствам.

Во избежание перегревания отдыхайте на пляже в головном уборе.

Не допускать ситуаций неоправданного риска, шалости на воде.

Помните! Только неукоснительное соблюдение мер безопасного поведения на воде может сохранить Вашу жизнь!

М.Жүнісбек,
инженер ОЧС г.Сарани

ПОЛЕЗНЫЕ СОВЕТЫ

**КАК ПРИГОТОВИТЬ
МОРОЖЕНОЕ ИЗ МОЛОКА —
ОБЫЧНОГО ИЛИ СГУЩЁННОГО****Шоколадное
мороженое из молока****Ингредиенты**

Молоко - 750 мл

Сахар - 165 г

Кукурузный крахмал - 20 г

Какао-порошок - 75 г

Приготовление

1. Соедините 250 мл молока, сахар, крахмал и какао-порошок.
2. Оставшееся молоко вскипятите. Тонкой струйкой влейте его в смесь с какао. Верните в кастрюлю.
3. Варите на слабом огне около 10 минут, не переставая мешать, до загустения.
4. Остудите до комнатной температуры. Уберите в морозилку минимум на 3 часа. Каждые 30 минут взбивайте миксером.

**Мороженое из сливок,
авокадо и сгущёнки****Ингредиенты**

Авокадо - 2 штуки

Лимонный сок - 1 ст. ложка

Сгущённое молоко - 400 г

Сливки жирностью не менее 33% - 480 мл

Приготовление

1. Разрежьте авокадо пополам, удалите косточки и выньте ложкой мякоть.
2. Выложите авокадо в чашу блендера, добавьте лимонный сок и сгущёнку.
3. Взбейте так, чтобы масса получилась абсолютно однородной.
4. Отдельно взбейте миксером холодные сливки. Они должны стать густыми и пышными.
5. Добавьте к ним массу из авокадо и аккуратно перемешайте.
6. Переложите в широкий контейнер, накройте крышкой или плёнкой.
7. Уберите в морозилку минимум на 6 часов.

Ақтас кенті тұрғындарының назарына!
 2023 жылғы 28 маусымда Ақтас кентінің әкімі Бауыржан Заруханұлы Аканов Ақтас кентінің тұрғындарымен кездесу өткізеді.
 Кездесу сағат 17.00-де Гастелло көшесіндегі №18 үйдін ауласындағы (ойын алаңында) өтеді.
 Сіз өзіңіздің өтініштеріңіз бен ұсыныстарыңызды (жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін (түскі үзіліс уақыты 13.00-ден 14.30-ға дейін) 8(72137) 5-50-24 телефон номері арқылы немесе aktas_apparat@krg.gov.kz электрондық поштасына жібере аласыз.

К сведению жителей поселка Актас!
 28 июня 2024 года аким поселка Актас Аканов Бауыржан Заруханович проведет встречу с жителями. Встреча с населением состоится в 17.00 часов во дворе дома №18 по улице Гастелло (на детской площадке).
 Свои обращения и предложения можно направить по телефону: 8(72137) 5-50-24 в будние дни с 9.00 до 18.30 часов (с перерывом на обед с 13.00 до 14.30 часов) или на электронный адрес: aktas_apparat@krg.gov.kz.



Подавайте объявления НЕ ВЫХОДЯ ИЗ ДОМА!



+7 775 945 23 23

ПН-ПТ С 9.00 ДО 18.00 ЧАСОВ

ПРОДОЛЖАЕТСЯ ПОДПИСКА

ИНДИВИДУАЛЬНАЯ:
 ГОДОВАЯ - 4000 ТГ.
 ПОЛУГODOВАЯ - 2000 ТГ.
 ТРИ МЕСЯЦА - 999 ТГ.


АЛЬТЕРНАТИВНАЯ:
 ГОДОВАЯ - 3000 ТГ.
 ПОЛУГODOВАЯ - 1500 ТГ.
 ТРИ МЕСЯЦА - 750 ТГ.

ЮРИДИЧЕСКАЯ:
 ГОДОВАЯ - 6218 ТГ.
 ПОЛУГODOВАЯ - 3109 ТГ.



РЕКЛАМА ОБЪЯВЛЕНИЯ ПОЗДРАВЛЕНИЯ

На LED экране



ANTIKOR

Агентство Республики Казахстан по противодействию коррупции (Антикоррупционная служба)

ЕСЛИ ВЫ СТОЛКНУЛИСЬ С КОРРУПЦИЕЙ, ЗВОНИТЕ ПО НОМЕРУ

CALL-ЦЕНТР

1424

ЗВОНОК БЕСПЛАТНЫЙ

#НЕДАВАЙВЗЯТКИ

#ПАРАБЕРМЕ



БУДЬТЕ В КУРСЕ ВСЕХ НОВОСТЕЙ В ГОРОДЕ!

АДАМ САТУДАН САҚТАНЫҢЫЗ

ШЕТЕЛГЕ НЕМЕСЕ БАСҚА ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАСЫНА ҚАУІПСІЗ ШЫҒУ ЖӘНЕ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУ СҰРАҚТАРЫ БОЙЫНША КЕҢЕС АЛУ ҮШІН ҚОҢЫРАУ ШАЛ!

ОСТЕРЕГАЙТЕСЬ ТОРГОВЛИ ЛЮДЬМИ

ПОЗВОНИ И ПОЛУЧИ КОНСУЛЬТАЦИЮ ПО ВОПРОСАМ БЕЗОПАСНОГО ВЫЕЗДА И ТРУДОУСТРОЙСТВА ЗА ГРАНИЦЕЙ И В ДРУГОМ ГОРОДЕ КАЗАХСТАНА!



11616
 ҚЫЗЫЛ БАҒЫТ



11616
 ГОРЯЧАЯ ЛИНИЯ

Саран газеті

Директор ТОО «Саран тынысы», главный редактор Б.Е. МАЙПАСОВА

Газета зарегистрирована в Министерстве информации и коммуникаций Республики Казахстан. Свидетельство 16307-Г от 18.01.2017 г. (номер и дата первичной постановки на учет № 869-Г, 16.09.1999 г.)

Собственник: ТОО «Саран тынысы»

Адрес редакции: 101200 г. Сарань, ул. Жамбыла, 69/1
 Тел., факс: 5-10-15 sarangazeti@mail.ru

Выходит два раза в неделю, форматом А3 Тираж 1001

Газета набрана и сверстана в редакции

Отпечатано в ТОО «Типография «Арк» 100009 г. Караганда, ул. Сатпаева, 15

Опубликованные материалы не всегда отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность сведений, содержащихся в публикациях и рекламном тексте, несут авторы публикаций и рекламодатели.